

**А. А. Шуланбаев, дене шынықтыру даярлығы кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны**

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

## **ҚАЗАҚ КҮРЕСІ НЕГІЗІНДЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ САЛАЛАРЫ**

*Аннотация. Мақалада қазақ күресі негізінде патриоттық тәрбие берудің салалары қарастырылған. Оқушылардың патриоттық сезімін оятудың педагогикалық жолдарын дамыту, оқушыларды ұлттық тәрбиелеудің әртүрлі әдістерін ойлап, оны жолға салу бүгінгі күннің аса маңызды проблемаларының бірі.*

*Түйін сөздер: қазақ күресі, патриоттық тәрбие, сана-сезім, Отан, оқу-тәрбие, дәстүр.*

Халық педагогикасындағы күрес дәстүрлерінің мол тарихын ескере отырып патриоттық тәрбиені қалыптастыруда, мектептерде оқу-тәрбие жұмысында ұлттық күрес дәстүрінің негізгі элементтерін, оның ішінде патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттарының бірі ұлттық ойындардың тәрбие мазмұнын жан-жақты қамти отырып, кеңінен енгізу қажеттілігі туындап отыр [1].

Қазақстан Республикасы әскери доктринасы мен әскери құрылыс тұжырымдамасында «елжандылық тұрғыда тәрбие беруді жақсартуға бағытталған кешенді бағдарлама әзірлеу қажет» деген ұсынысын негізге алып, халқымыздың отанын елін қорғайтын жас өрендер және ұлттық күрес өнерінің бай мұрасын зерделей отырып «Қазақ күресі арқылы патриоттық тәрбие берудің негіздері» атты курс бағдарламасының мазмұнын қарастыруды жөн көрдік.

Курс бағдарламасын жасау үстінде қоғамның саяси-әлеуметтік, қазіргі саяси — әскери өзгерістер, мемлекеттің әскери — қорғаныс доктринасының мақсаты мен міндеттері, егемен еліміздің бейбітшілігі мен тұтастығын қорғаудағы әскери іс-әрекеттерге қойылатын талаптар ескерілді. «Қазақ күресі арқылы патриоттық тәрбие берудің негіздері» атты курс бағдарламасының мақсаты жалғасқан ұлттық дәстүрлер, ата салтқа, туған өлке, жерге, тілге, Отанға деген сүйіспеншілігін, Отан алдындағы әскери міндетін атқаруға психологиялық, моральдық дайындықтарын қалыптастыру.

Оқушылардың ұлттық патриоттық дәстүр арқылы ерлікке баулуда төмендегідей педагогикалық шарттарды негізге алдық:

- халықтық педагогика ұстанымдарын пайдалана отырып, оқушылар бойындағы патриоттық сана-сезім, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру;

- Қазақстан Республикасының туына, елтаңбасына, әнұранына деген құрметті қалыптастыру;

- ғылымға, білімге деген ықыласын арттыру, өмірлік мақсаттарын айқындауға, жеке бастың қасиеттерін қалыптастыруға көмектесу.

- жат қылықтарға қарсы төзбеушілік және құқықтық қасиеттерді меңгерту;

- оқушылардың спорттық мүмкіндіктеріне байланысты дене шынықтыру түрлеріне бейімдеу;

- халқымыздың ерлік және жауынгерлік тарихын, жауынгерлік дәстүрімен таныстыра отырып, елін, жерін қорғайтын және ұлттық бірлікті, бейбітшілікті нығайта алатын азамат тәрбиелеу;

- патриоттық дәстүр арқылы ерлікке баулуда төмендегідей ұстанымдар басшылыққа алынды:

- патриоттық жауынгерлік дәстүр негізінде білім мен тәрбие берудің жүйелігі мен үздіксіздігі;

- патриоттық дәстүрдің құндылықтарын бағалауда іс шаралардың байланысы;

- патриоттық дәстүрдің тарихи сабақтастығы.

- патриоттық дәстүр бойынша білім және тәрбие беруде әскери-патриоттық тәрбие берудің негізгі өлшемдерін қарастыра отырып ғылыми-зерттеу тұжырымдарды басшылыққа алдық [2].

Мысалы:

- Отан алдындағы борышын өтеуге қажетті білім мен дағды.

- Күрес өнерінің алғашқы амал-тәсілдерін меңгеру.

- өзін-өзі тәрбиелеу — оқушылардың әскери борышын өтеуге саналы көзқарасын қалыптастыру.

Қазақ жастарын ұлттық рухта тәрбиелеудің аса маңызды проблемаларын шешу, жасөспірімдердің рухани байлығын арттыру, оларды ұлтжандылық негізінде тәрбиелеу бүгінгі күннің аса маңызды ісі екені анық. Сондықтан мектептерде, мектеп-гимназияларда ұлттық тәрбие берудің бағдарламасы белгіленіп, жасөспірімдерді ұлттық-патриоттық негізінде тәрбиелеу басты міндеттердің бірі болмақ.

Рухани байлығымыздың терендей түсуі мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне ықпал жасайтыны анық. Жастар санасын ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеудің негізі ұлттық тәрбиеде жатқанына назар аударуымыз тиіс. Ұлттық тәрбие патриоттық дәстүрдің негізін қалайды. Ал, ұлттық тәрбиенің бастау алар әдебиетінде жатқанын ескеруіміз керек.

Ауыз әдебиетінен халықтың ұлттық тарихи дәстүрін оңай таба аламыз.

Халықтың ұлттық тарихи дәстүр, оның жалпы адамзат мәдениетімен диалектикалық бірлігі — барлық оқыту мен тәрбиелеу ісінің бастау бұлағы болуы тиіс.

Ауыз әдебиетінің жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуде орны ерекше. Батырлар жырындағы елді қорғау идеялары жастар санасын ұлтжандылыққа үндейтінін атап айтуымыз тиіс.

Халық ауыз әдебиетінде халқымыз жасөспірімдерді елді шетел басқыншыларынан қорғаудың небір ғажайып үлгілерін ойлап тапқан. Батырдың астындағы тұлпары, ата-анасы, бауырлары мен сүйген жары, елдің данышпан қариялары, олардың іс-әрекеттері жастар санасын патриоттық рухта тәрбиелеуде аса маңызды айғақ екенін атап айтуымыз тиіс.

Жастарды патриоттық рухта тәрбиелей отырып, олардың сана-сезімін рухани жақтан байытуда мектеп оқушыларына арналған тәрбиелік әдіс-тәсілдерді орындаудың аса қажет екендігі қазіргі таңда белгілі болып отыр. Бірақ біз жастарды патриоттық рухта тәрбиелей отырып, жастардың рухани байлығын арттыру үшін іс-бағдарламалар жасағанда, халықаралық білім берудің стандарттарынан аттап кете алмаймыз. Солай бола тұрса да халқымыздың ұлттық-тарихи, мәдени-рухани жақтан алғандағы ерекшелігін де ескеруіміз тиіс. Олардың алдында ерекшелігімізді де көрсете білуіміз қажет.

Жастардың білімін көрсетуде қазіргі таңда бүкіл дүниежүзі мемлекеттерінде аса күрделі жаңғыртулар жүзеге асырылуда.

Бұл реформалардың мақсаты — жастардың жаһандық білімге ие болуына мүмкіндік жасау. Айырым мемлекеттерде әлемдік жаһандандудың алдын алу бағдарламасын да жасауға кірісіп кетті. Ал кейбір мемлекеттер әлемдік жаһанданду процесіне жұтылып кетпеу үшін өздерінің ұлттық ерекшеліктеріне сай оқу бағдарламасын, білім туралы заңдарын ұйыстырып жатыр.

Біріккен Ұлттар ұйымының Бас Ассамблеясында Жапония мемлекетінің ұсынысы бойынша 2005-2015 жылдарды «Білімді тұрақты дамыту декадасы» деп жариялағаны белгілі. Мұндай декада азаматқа аса қажет екені белгілі. Барлық елдердің білім жүйесін бір арнаға ұйытып ғаламдық түйіндерді шешу — осы декаданың мақсаты болып отыр. Бұл аса маңызды құжат. Біріккен Ұлттар ұйымы белгіленген бұл бағдарламадан біздің мемлекетіміз тыс қала алмайды. Сондықтан білім беру жүйесін халықаралық стандартқа сай тұрақтандырудың маңызы зор. Мұндай күрделі бағыт-бағдарламаларды мемлекетіміздің Білім Министрлігі тарапынан жолға қойылғандығы белгілі [3].

Білім саласындағы мұндай өзекті мәселелерді дамыған елдер әлдеқашан білім саласын реформалау арқылы жүзеге асырып отыр. Олар замана ағымына сай, өз технологияларын дамыту шараларын дер кезінде жүргізіп отырады. Олар осындай білім саласындығы аса

жауапты іске ұттық-патриоттық негізінде қарап, өз мемлекеттерінде жастар тәбиесіне баса назар аударады.

Ыбырай Алтынсарин атындағы Білім академиясының вице-президенті Әділхан Дүйсебек «Ұлттық тәрбие Тұжырымдамасы болмаған жерде білім сапасы артпайды» атты мақаласында білім саласын реформалау туралы былай деп жазды: «Білімді тұрақты дамыту стратегиясын басшылаққа алған жоғары дамыған, елдер әсіресе Жапония, Қытай, Корея, Малазия, Сингапур сияқты Азия елдері жаһандану үрдісін, патриоттық ақпараттық-коммуникациялық революцияны, инновациялық технологиялардың ендірілуін басқа елдермен белсенді және тиімді экономикалық қарым-қатынас орната отырып жедел даму мүмкіндігі есебінде пайдаланса, екінші жағынан, өздерінің ұлттық рухани және экономикалық тәуелсіздігін, қауіпсіздігін сақтаудың, ұлттық өркендеудің бірден-бір кепілі ретінде отандық білім саласын реформалауға аса үлкен мән беріп, оны мемлекеттің басым саясатына айналдырып отыр».

Жастарға сапалы білім беру ұлттық мәдени, әдеби мұралардың оқытылуына да байланысты болмақ. Жастар патриоттық рухта тәрбиеленсе ғана білім беру реформалары ойдағыдай жүзеге аспақ. Егер жастар өз халқының тарихын, әдебиетін, мәдениетін білмесе, онда отаншылдық сезім қалыптаспайды. Отаншылдық сезімді қалыптастыру үшін белгілі бір бағдарда оларды тәрбиелеу жолдары қарастырылуы шарт. Ол нәтижелі жүйеде іске асырылуы тиіс.

Бұл көкейкесті мәселені тәжірибиеге енгізу «Қазақ күресі арқылы патриоттық тәрбие берудің негіздері» атты арнайы курс бағдарламасы арқылы жүзеге асады.

### ***Резюме***

В статье на примере национальной борьбы «казакша күрес» рассмотрены особенности патриотического воспитания молодежи.

### ***Resume***

Article on the example of the national struggle «kazaksha kyres» peculiarities of patriotic education.

---

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Наханов Қ. С. Арнайы мамандандырылған спорт мектеп-интернаттарында жасөспірімдерді қазақ күресі арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу: Дис. автореф. ... пед. ғылым. канд. — Түркістан, 2009. Б. 28.
2. Мырзахметұлы М. Тарихқа үңіліп қарасақ... // Түркістан. 2007. 15 ақпан.
3. Қоңыратбаева Т. Ә. Халық педагогикасы және оны оқу-тәрбие ісіне ендіру жолдары. — Алматы, 1993.